

## Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу Қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 878 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 сәуірде № 4953 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 94 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 04.11.2019 № 94 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу Қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда  
облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2015 жылғы "17" наурыз № 878  
қаулысымен  
бекітілген

## Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу Қағидалары

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің ( бұдан әрі – Психологиялық қызмет) жұмысын реттейді.

2. Психологиялық қызмет көрсету Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы, Бала құқықтары туралы Конвенция, сондай-ақ, осы Қағидалар шеңберінде жүзеге асырылады.

3. Психологиялық қызмет орта білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

4. Психологиялық қызметтің құрылымы білім беру ұйымдарының тұрпатына, түріне және қажеттілігіне, сондай-ақ, педагог-психологтар штатының бірлік санына қарай айқындалады.

5. Психологиялық қызметтің құжаттамасы:

1) орта білім беру ұйымдарында Психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын;

2) орта білім беру ұйымының басшысымен бекітілген Психологиялық қызметтің күнтізбелік жұмыс жоспарын;

3) аталған орта білім беру ұйымдарының басшылары бекіткен психологиялық диагностикалау бағдарламаларын (бұдан әрі - психодиагностикалау), психологиялық тренингтерді дамыту және түзету жұмыстарын;

4) білім беру саласындағы психологиялық сабақтардың, тренингтердің және басқа да психологиялық жұмыс түрлерінің әдістемелік әзірлемелерін;

5) психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесін;

6) білім алушылардың психологиялық дамуының жеке карталарын, топтық психологиялық портреттерін;

7) психологиялық тексерудің нәтижелерін, қорытындысы мен ұсынымдарын;

8) орта білім беру ұйымы басшысының мөрімен бекітілген Психологиялық қызметтің жұмыс түрлерін (психодиагностикалық, дамыту, түзету, ағартушылық, сараптамалық, әдістемелік жұмыстарды, жеке және топтық консультация беру, психологиялық қызметке сұраныс беру) есепке алуды тіркеу журналын;

9) белгіленген кезендерге (тоқсан, жартыжылдық, бір жыл) берілетін Психологиялық қызметтің жұмысы туралы талдамалық есептерді қамтиды.

6. Психологиялық қызметтің бір жылғы жұмыс қорытындысы орта білім беру ұйымдарының есептік құжаттамаларында қамтылады.

### **Орта білім беру ұйымдарындағы Психологиялық қызметтің мақсаттары мен міндеттері**

7. Психологиялық қызметтің мақсаты - орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

8. Психологиялық қызметтің міндеттері:

1) білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;

2) білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;

3) тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тұрғыдан ықпал ету;

4) психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;

5) психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;

6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;

7) білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

9. Психологиялық қызмет өз қызметін психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік бағытта жүзеге асырады.

10. Психодиагностикалық бағыттар:

1) білім алушыларды психологиялық диагностикалау;

2) білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;

3) білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау;

4) психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындауды қамтиды.

11. Консультациялық бағыттар:

1) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтарға олардың сұранысы бойынша консультация беру;

2) білім алушыларға, ата-аналар мен педагогтарға жеке тұлғалық, кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және айналасындағылармен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен консультация жүргізу;

3) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;

4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыруды қамтиды.

12. Ағартушылық-профилактикалық бағыттар:

1) білім алушылар мен педагогтардың өзін-өзі айқындауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;

2) білім алушылар бейімсіздігінің психологиялық алдын алу;

3) педагогтарды аттестаттауды әлеуметтік-психологиялық қолдау;

4) әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің және медициналық-психологиялық-педагогикалық консилиумдарының жұмысына ықпал етуді қамтиды.

13. Түзету-дамытушылық бағыттар:

1) жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізу;

2) білім алушылар мен педагогтардың тұлғалық, зияткерлік, эмоционалды-жігерлік, шығармашылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру;

3) жанжалдық тұлғааралық қатынастарды түзетуді қамтиды.

14. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар:

1) педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дәрігерлермен, дефектологтармен, логопедтермен, тифлопедагогтар және т.б.) аралас-мамандармен өзара іс-қимыл жүргізу;

2) әлеуметтік-медициналық-психологиялық қызметтер туралы деректер банкін қалыптастыру;

3) аралас-мамандармен және шұғыл жағдайларда көмек көрсетуші мүдделі органдармен өзара іс-қимыл нәтижелерінің мониторингін жүргізуді қамтиды.

15. Психологиялық қызмет жеке және топтық негізде білім алушыларға және педагог қызметкерлерге жұмыстың диагностикалық, дамытушылық, түзету және профилактикалық түрлері кешенін жүргізу үшін жекелеген орынжайда орналасқан және қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген педагог-психолог кабинеті базасында жұмыс істейді.

16. Психологиялық қызметтің жұмысын облыстық білім басқармасы, аудандық, қалалық білім бөлімдері үйлестіреді.

17. Психологиялық қызметтің жұмысы педагогикалық және медициналық қызметкерлермен, оның ішінде денсаулық сақтау жүйесімен, қамқоршылық және қорғаншылық органдарымен, ата-аналар қоғамымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

18. Психологиялық қызмет әдістемелік орталықпен, психологиялық орталықтармен, тәжірибелі психологтар кафедралары және қауымдастықтарымен, білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерімен өзара әрекеттеседі.

19. Педагог-психолог өз қызметінде:

1) осы Қағидаларды басшылыққа алады;

2) өзінің кәсіби құзыреттілігі және біліктілік талаптары шеңберінде шешім қабылдайды;

3) жалпы психологияны, педагогикалық психология мен жалпы педагогиканы, жеке тұлға психологиясы және дифференциалды психология, балалар және жас

ерекшеліктік психология, әлеуметтік психология, медициналық психологияны, психодиагностика, психологиялық консультация беруді және әлеуметтік, практикалық және жас ерекшеліктік психология саласындағы психологиялық ғылымның жаңа жетістіктерін білуі қажет;

4) диагностикалық, дамытушылық, әлеуметтік-психологиялық, психологиялық түзету және консультативтік-профилактикалық жұмыстардың ғылыми-негізделген әдістемелерін қолданады;

5) белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық байланыс тренингі әдістерін, жеке және топтық кәсіптік консультациялар берудің, білім алушылардың қалыпты дамуының диагностикасы мен түзетудің заманауи әдістерін қолданады;

6) барлық оқу кезеңінде білім алушының жеке-психологиялық ерекшеліктерінің психологиялық диагностикасын жоспарлайды;

7) білім алушылардың тұлғалық қалыптасуындағы және дамуындағы ақаулықты анықтайды;

8) білім алушыларға, педагогтарға, ата-аналарға жеке, кәсіптік және басқа да мәселелерді шешуде психологиялық көмек және қолдау көрсетеді;

9) күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын педагогтарға, білім алушыларға психологиялық көмек және қолдау көрсетуді жүзеге асырады;

10) білім алушылардың бейәлеуметтік әрекеттерінің алдын алады және оларды уақытылы түзетуді жүзеге асырады;

11) өзінің кәсіптік құзыреттілігін және біліктілігін арттырады;

12) тиісті кәсіби даярлығы жоқ адамдардың білім беру ұйымдарында психологиялық диагностика, психологиялық түзету жұмыстарын жүргізуге жол бермейді;

13) орта білім беру ұйымының әлеуметтік саласын үйлестіруді қалыптастыру және әлеуметтік бейімсіздіктің туындауының профилактикасы бойынша алдын-алу шараларын жүзеге асырады;

14) зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытындылар жасайды;

15) дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады;

16) білім алушылар, тәрбиеленушілер педагогикалық қызметкерлер мен ата-аналар (немесе оларды алмастыратын тұлғалар) арасында психологиялық мәдениетті қалыптастырады;

17) білім алушылармен, ата-аналармен және педагогтармен психодиагностикалық, консультациялық, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамытушылық және әлеуметтік-диспетчерлік жұмыстардың нысанын және әдісін тандайды;

18) оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша құжаттамалармен, білім алушылардың және педагогтардың жеке істерімен танысады;

19) түзету және дамытушылық бағдарламаларын және психологиялық жұмыстың жана әдісін жасауын талқылауға қатысады;

20) жоғары оқу орындарының психология кафедраларымен және тәжірибелі психологтар қауымдастықтарымен байланысты қолдайды;

21) Психологиялық қызметтің жұмысын жақсарту мәселесі бойынша білім беру органдарына ұсыныстармен шығады;

22) пәндік кафедралардың және медициналық-психологиялық-педагогикалық консилиумның, педагогикалық және әдістемелік кеңестердің жұмысына қатысады.

20. Орта білім беру ұйымдарының педагог-психологының "Психология және педагогика" мамандығы бойынша жоғары кәсіби білімі немесе "Практикалық психология" мамандығы бойынша қайта даярлаудың арнайы факультетінде алынған қосымша білімімен педагогикалық білімінің, "Психология" қосымша мамандығымен жоғары педагогикалық білімі болу керек.

21. Лауазымдық жалақы, еңбек демалысының ұзақтығы, тарификацияланған педагогикалық жүктеме "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына сәйкес белгіленеді.

22. Педагог-психолог:

1) психологиялық диагностикалау нәтижелерінің нақтылығын, пайдаланылған диагностикалық және түзетушілік әдістердің барабарлығын, ұсынымдар мен қорытындылар негізділігін, психологиялық ақпараттың құпиялылығын;

2) Психологиялық қызметті есепке алу-есеп беру құжаттамаларының жүргізілуін және сақталуын;

3) кәсіптік психологиялық этиканың сақталуын;

4) Психологиялық қызметтің жұмысына берілген материалды-техникалық құралдардың сақталуын қамтамасыз етеді.

23. Педагог-психолог әкімшілік бағыт бойынша орта білім беру ұйымының басшысына, кәсіптік бағыты бойынша – аудандық, қалалық білім бөлімдерінде және облыстық білім басқармасында психологиялық қызметтің жұмысына жетекшілік ететін маманға бағынады.

### **3. Қорытынды ереже**

24. Психологиялық қызметтің жұмысын орта білім беру ұйымының басшысы қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ